



Ж.ЖӘЛЕЛҰЛЫ

Қызыметіне кіріскелі ауылдық округтердің тыныс-тіршілігімен танысып жүрген қала әкімі Қайрат Нұкенов бұл жолы ат басын Төртүй ауылына тіреді. Ең алдымен Екібастұз орта мектебіне бас сүққан қала басшысы интернат пен балдыргандар шағын орталығының хал-ахуалына қанықты. Жалпы, 80 окушы білім алып жүрген мектепті биыл 5 түлек бітіріп, 4-еүі тест тапсырыпты. ҰБТ-дағы орташа көрсеткіш – 96 үшай. Яғни, шәкірттер сапалы білім алу үстінде деуге болады.

Осыдан кейін қала әкімі мектептің жылумен қамтамасыз етілуін сұрастырды. Қазандық жөндеуді қажет етпейді, ал одан мектепке дейінгі арақашықтықтағы жылу құбырлары биыл жазда ауыстырылады. Тендер өткізіліп, мердігер анықталған.

Жергілікті дәрігерлік амбулаторияда бір дәрігер, үш медбике тұрғындарға медициналық қызымет көрсетуде. Округ орталығы мен оған қарасты шағын ауылдар халқын медициналық тексеруден өткізіп тұру жолға қойылған. Екібастұз қаласындағы №3 емханадан келетін дәрігерлер бригадасының бұл шарада тигізетін көмегі зор. Қала әкімінің: «Қатерлі дерте ұшыраған адамдар бар ма?» - деген сұрағына бас дәрігер Асқабыл Туашев: «Обыр дерти жок, екі адам туберкулезден емделіп жүр», - деп жауап қатты. Жалпы, ертеректегідей емес, құрт ауруының азайғаны байқалады. Сонымен бірге, ана мен бала өлімі тіркелмегелі де пәленбай жыл өтіпти.

2014 жылы күрдели жөндеуден өткізілген дәрігерлік амбулаторияғимараты жайнап тұр. Дәл осында жылы сөзді мұнтаzdай ауыл клубына да арнауға болады.

Екібастұз ауылдық округіндегі ірілеу елді мекен – Тай ауылы. Мұндағы орта мектепті биыл бітірген бүлекте ҰБТ тапсырудан бас тартыпты. Білімі жеткілікті

# Атқарылар істер анықталды

екеніне сенбегені ғой. Осы орайда қала әкімі Қайрат Теміршотұлы мектеп директоры Ерсайын Сүлейменовке окушылардың білім сапасын жақсартуға баса назар аударуды тапсырды. Сөз арасында айта кетейік, былтыр Өлеңті орта мектебін бір окушы «Алтын белгіге» бітірген екен, келесі оқу жылында да осындай белгіден үміткер бір окушы бар көрінеді. Соған қарағанда, үстаздар еңбегі еш болуда деуге келмес.

Мектепте жалпы 57 шәкірт бар. Бастауыш сынып окушылары бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылады екен. Қала басшысы мектеп асханасында болғанында ауылдық округ әкімі Марат Құспеков пен мектеп директоры Ерсайын Сүлейменовке окушыларды жаппай тегін тамақпен қамтуды жергілікті шаруа қожалықтары көмегіне сүйеніп шешуді жүктеді.

Білім ошақтары ауласын абаттандыру да қала басшысы назарынан тыс қалған емес. Жоғарыда сөз болған екі мектептің ауласына қиматас төсөлсө, әдемілелең түсер еді. Қала әкімі осы жұмыстың жобалық-сметалық құжаттамасын өзірлеуге өтінім жасау керектігін айтты. Егер бюджетте қаржы табылса, ауыл ауылдағы басқа да әлеуметтік нысандар ауласына қиматас төсөліп, жақын тұрғандары арасын тротуармен қосса, тілтеп тамаша болар еди.

Тай ауылы клубының жұмысы қала басшысы көнілінен шықты. Мұнда мәдени шаралар мазмұнды өткізіледі. Ауыл енерпаздары қалалық байқауларда жүлделі орындардан көрініп жүр.

Ауыл тұрғындарының негізгі күнкөріс көзі мал есіру екені белгілі. Екібастұз ауылдық округіндегі 48 шаруа қожалығы мемлекет көмегіне сүйеніп, төрт түлік тұяғын көбейту үстінде. Қала басшысы Тай ауылы іргесіндегі жалғыз үйлі Алексей Гриценконың ша-



руа қожалығында болды. Ол кезінде «Өлеңті» кеншарының малшысы болған әкесі Алексейдің орнын басып, көсібін жалғастыру үшін Павлодар қаласынан қызыметін тастап келіпте. Әйтпесе, жоғары білімді дәрігер көрінеді. Өлеңті өзені сағасындағы шұрайлы жерден 50 гектар алқапты жалға алған шаруаның меншігінде бүгінде 70-тей қара мал, біршама қой мен шошқа бар. «Талпак танау есіру тиімді» дегенді айтқан Алексей сиыр тұқымын асылдандыруды қолға алуға да ниетті. Биыл екі асыл тұқымды бұқа сатып алыпты. Сонымен бірге, асыл тұқымды құнажындар алу ойымен «Сыбаға» бағдарламасына да қатысқан екен, кепілзатқа қойған Павлодар қаласындағы екі пәтердің құны берілетін несие сомасына жетпей, ала алмапты. Мәселенің мәнісіне қанықан қала басшысы проблемамен жете танысып, қолдау көрсететінін айтты. Бұл мәселені қадағалау ауыл шаруашылығы бөлімі басшысы Өтен Тоқыровқа тапсы-

рылды.

Оқыған жігіт емес пе, Алексей Гриценко: «Ауыл тұрғындары көң-қоқысты мына ойга тегуді үйреншікті жайтқа айналдырыпты. Мен мұнда келгелі тоқтаттым. Осы жылған қоқыстың көзін жоюға көмек керек», - деп, қала әкіміне өтінішін де жеткізді. Жалпы, қоқыс үйіндісі ғана емес, қалқайып қабырғалары қалған бірнеше баз да табиғаттың сынын бұзып тұр.

Жұмыс сапары үстінде қала әкімі Қайрат Нұкенов ауылдық округ әкімі Марат Құспековке Төртүйде әлеуметтік дүкен ашуды, қала мен елді мекен арасындағы куре жол бойы қапталының тазалығына көніл аударуды міндеттеді. Десек те, округ тұрғындары үшін жағымды жаңалық та бар көрінеді. Ауыл әкімінің айтуынша, үялы телефон байланысын қамтамасыз ететін құрылғы монтаждалып жатқан көрінеді.

*Суретті түсірген В.Фадеев*